

## **Ақтөбе облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы**

Ақтөбе облысы әкімдігінің 2020 жылғы 17 қаңтардағы № 9 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 20 қаңтарда № 6756 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына сәйкес, Ақтөбе облысы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Ақтөбе облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

2. "Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Ақтөбе облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ақтөбе облысының әкімі*

*О. Уразалин*

Ақтөбе облысы әкімдігінің 2020 жылғы 17  
қаңтардағы № 9 қаулысына қосымша

## **Ақтөбе облысы әкімдігінің күші жойылды деп танылған кейбір қаулыларының тізбесі**

1. Ақтөбе облысы әкімдігінің 2015 жылғы 5 маусымдағы № 192 "Орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4412 тіркелген, 2015 жылғы 14 шілдеде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

2. Ақтөбе облысы әкімдігінің 2015 жылғы 5 маусымдағы № 193 "Су қорын пайдалануды реттеу саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу

тізілімінде № 4413 тіркелген, 2015 жылғы 14 шілдеде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

3. Ақтөбе облысы әкімдігінің 2015 жылғы 3 шілдедегі № 243 "Жануарлар дүниесі саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4447 тіркелген, 2015 жылғы 10 тамызда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

4. Ақтөбе облысы әкімдігінің 2015 жылғы 3 шілдедегі № 244 "Қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4446 тіркелген, 2015 жылғы 11 тамызда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

5. Ақтөбе облысы әкімдігінің 2017 жылғы 10 мамырдағы № 135 "Ақтөбе облысы әкімдігінің 2015 жылғы 3 шілдедегі № 244 "Қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5520 тіркелген, 2017 жылғы 14 маусымда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған).

6. Ақтөбе облысы әкімдігінің 2017 жылғы 6 маусымдағы № 195 "Ақтөбе облысы әкімдігінің 2015 жылғы 3 шілдедегі № 243 "Жануарлар дүниесі саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5590 тіркелген, 2017 жылғы 21 шілдеде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған).

7. Ақтөбе облысы әкімдігінің 2017 жылғы 20 қыркүйектегі № 327 "Ақтөбе облысы әкімдігінің 2015 жылғы 5 маусымдағы № 192 "Орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5670 тіркелген, 2017 жылғы 13 қазанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған).

8. Ақтөбе облысы әкімдігінің 2017 жылғы 21 қыркүйектегі № 335 "Ақтөбе облысы әкімдігінің 2015 жылғы 5 маусымдағы № 193 "Су қорын пайдалануды реттеу саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5671 тіркелген, 2017 жылғы 13 қазанда Қазақстан

Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған).

9. Ақтөбе облысы әкімдігінің 2018 жылғы 30 мамырдағы № 245 "Ақтөбе облысы әкімдігінің 2015 жылғы 5 маусымдағы № 193 "Су қорын пайдалануды реттеу саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5926 тіркелген, 2018 жылғы 22 маусымда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған).

10. Ақтөбе облысы әкімдігінің 2019 жылғы 26 наурыздағы № 108 "Ақтөбе облысы әкімдігінің 2015 жылғы 5 маусымдағы № 193 "Су қорын пайдалануды реттеу саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6059 тіркелген, 2019 жылғы 11 сәуірде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған).

11. Ақтөбе облысы әкімдігінің 2019 жылғы 4 маусымдағы № 216 "Ақтөбе облысы әкімдігінің 2015 жылғы 3 шілдедегі № 244 "Қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6241 тіркелген, 2019 жылғы 19 маусымда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған).